ШАҒЫМ

мемлекеттік сатып алу қорытындысына

«Жанкент XXI» ЖШС жоғарыда көрсетілген мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындыларымен келіспейтінімді білдіремін.

Конкурстық комиссия өтінімдерді қарау барысында Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын толық сақтамаған және кейбір әлеуетті өнім берушілерге негізсіз артықшылық беріп, өзге қатысушылардың құқықтарын шектеген.

Атап айтқанда:

1. Біліктілік талаптарының бұзылуы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 212-тармағына сәйкес **әлеуетті өнім беруші конкурсқа жіберілмейді, егер ол конкурстық құжаттамаға сәйкес біліктілігі туралы мәліметтерді толық ұсынбаған жағдайда.**

Алайда конкурстық комиссия бұл талаптарды толық сақтамаған.

2. Бір техниканы бірнеше қатысушының көрсету фактісі

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 76-тармағына сәйкес **Материалдық ресурстарды жалдау шартының электрондық көшірмесін бірнеше әлеуетті өнім берушілерге бір конкурста ұсынуға жол берілмейді.**

Дегенмен конкурстық комиссия әлеуетті өнім беруші "Қызылорда жолдары" ЖШС-і ұсынған өтінімінде "Фреза дорожная, ширина фрезерования не менее 2 метров" мемлекеттік нөмері AKD148N техникасын "УАД" ЖШС-нен жалға алу шарты жасалған. Дәл осы мемлекеттік нөмері AKD148N техниканы конкурсқа қатысушы "Orda Best Stroy" ЖШС-де ұсынған. Ал "Орда Автодор" ЖШС өтінімінде "Қыран" ЖШС-нен "Фреза дорожная, ширина фрезерования не менее 2 метров" Dynapac PL2000S мемлекеттік нөмері ADD285N техникасын жалға алу шартын ұсынса, дәл осы техниканы мемлекеттік нөмері ADD285N "Orda Best Stroy" ЖШС-де жалға алу шартын ұсынып отыр.

Бұл жағдай Қағидалардың 76-тармағының тікелей бұзылғанын көрсетеді.

3. Жалған мәлімет ұсыну фактісі

Бұдан бөлек, "Қызылорда тазалығы" ЖШҚ МКК-ның 13.04.2026 ж. №300 хатына сәйкес "Қызылорда жолдары" ЖШС және "Орда Автодор" ЖШС "Қызылорда тазалығы" ЖШҚ МКК-нан "Комбинированная дорожная машина" техникаларын жалға алу шарты жасалмағанын және жарамсыз екені анықталды, яғни анық емес ақпарат беру фактісі анықталып отыр.

Бұл өз кезегінде әлеуетті өнім берушілердің **анық емес (жалған) ақпарат ұсынғанын** дәлелдейді.

Жоғарыда баяндалғандардың негізінде, аталған мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындысын қайта қарауды, «Қызылорда жолдары» ЖШС және «Орда Автодор» ЖШС өтінімдерін конкурсқа жібермеуді;

«Жанкент XXI» ЖШС директоры **Б. Андызбаев**

ЭЦП қойылды